

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента
«__» _____ 20 __ года

2020 жылғы 28 қазанда жарияланды

Қазақстан
Республикасының
Премьер-Министрі
А.Ұ. Маминге

Депутаттық сауал

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Бізге Қызылорда облысы Байқоңыр қаласы мен оған жақын маңдағы Төретам және Ақай елді мекендері тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайына қатысты көптеген өтініштер келіп түсуде.

Азаматтар тұрғын үйді жекешелендіру, коммуналдық қызметтердің жоғары тарифтері, жұмысқа орналасу, денсаулық сақтау мен білім беру, жолдардың қанағаттанарлықсыз жай-күйі, коммуникация жүйелері, ауыз сумен қамтамасыз ету, интернет желісі мен көшені жарықтандыру мәселесі, электр қуатының тұрақсыздығы, коронавирустық инфекцияны жұқтырғандар санының артуы, стихиялық қоқыс үйінділерінің өсуі, азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру тәрізді мәселелерге өз алаңдаушылығын білдіруде.

Қаладағы тұрғын үй қоры, тіршілікті қамтамасыз ету объектілері мен инженерлік коммуникациялар жаңғыртылмаған. Су құбыры желілерінің тозуы – 85% (81,4 км), кәріз желілерінің тозуы – 97% (106,2 км) құрайды.

Тұрғын үй-коммуналдық қызметтер тарифтері мен жалдамалы тұрғын үй төлемдердің жыл сайын өсуі азаматтардың наразылығын тудыруда.

Тұрғын үйді жекешелендіру, сондай-ақ тұрғындардың «Бақытты отбасы» әлеуметтік тұрғын үй бағдарламасына қатысу мәселесінің шешілмеуі – қаладағы тұрғын үй тапшылығын арттыруда.

Жұмыссыздар ретінде 1000-ға жуық адамның тіркелуі, азаматтарды жұмыспен қамту мәселесінің өте өзекті екенін көрсетеді.

Қазақстандық ұйымдарға жұмысқа орналасқан азаматтар жалақы мен шығыстардың мөлшерлес еместігіне шағымданады. Себебі, коммуналдық қызметтерге қолданыстағы тарифтер мен азық-түліктің бағалары Қызылорда облысының бағаларына қарағанда айтарлықтай жоғары.

Қаланың ерекше мәртебесі инвесторларды тартуға және бизнесті дамытуға кедергі келтіруде. Өкініштісі, қалада шағын және орта бизнесті қолдаудың қазақстандық бағдарламалары жұмыс істемейді.

«Байқоңыр» арнайы экономикалық аймағын құру – бүкіл өңір үшін жоғары әлеуметтік-экономикалық маңызға ие болар еді, алайда бұл жобаны іске асыру мерзімі белгісіз күйінде қалып отыр.

Баяндалғанды ескере келе, Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, Сізден Байқоңыр қаласын және оған іргелес Төретам және Ақай елді мекендерін дамыту үшін нақты шаралар қабылдауды, сондай-ақ біздің азаматтарымыздың келесі ұсыныстарын жан-жақты қарауды сұраймын.

Олардың ішінде:

1) тарифтерді төмендету мақсатында қолданыстағы қалалық жылу электр станциясын газға көшіру және қаланың энергетикалық желілерін Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне беру мәселесін шешу;

2) Байқоңыр қаласында тіркелген Қазақстан азаматтарына тұрғын үй көмегінің мөлшерін ұлғайту және тұрғын үйді жекешелендіру тетігін пысықтау;

3) тұрғын үй алу үшін кезекте тұрған азаматтардың (*1200-ден астам Қазақстан азаматтары*) мәселелерін шешу мақсатында тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайту;

4) әлеуметтік жұмыс (*оның ішінде жастар үшін*) орындарын құру;

5) жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар бөлу;

6) қажетті мамандықтар бойынша қысқа мерзімдік кәсіптік оқытуды қолға алу;

7) Байқоңыр қаласындағы мектептерге «Қазақстан тарихы» мен «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін міндетті оқу пәні ретінде енгізу;

8) азаматтардың денсаулығын сақтау, әсіресе пандемия кезеңінде тиісті шараларды ұйымдастыру (*уақтылы және сапалы медициналық көмек көрсету; медицина қызметкерлерін көбейту; дәрілер және өкпені*

жасанды желдету (ӨЖЖ) аппараттарымен және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету);

9) құрылыс және басқа да қалдықтарды кәдеге жарату және оның ішінде стихиялық қоқыс үйінділерін жою жөнінде шаралар қабылдау.

Жауабын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

Депутаттар,

**«Nur Otan» партиясы
Фракциясының мүшелері**

Б. Кесебаева

М. Айсина

А. Ералиев

Г. Шиповских

**Қазақстан халқы
Ассамблеясының мүшесі**

Н. Жұмаділдаева